

AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№17 (7906)
Жұма 21 сәуір
2023 жыл



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ -
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Күні кеше елордамызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өтті.

Онда Мемлекет басшысы өте өзекті мәселені көтерді. Күні-түні ойланатын

Жаңа кезең талабы

кез келді. Қандай жағдайда экономиканы жақсартамыз, қайтсек дамимыз? Осыны жан-жақты талқылау керектігін айтқан ел басшысы азаматтардың бұл салмақты сұрақтың жүгін бірге арқалауы қажеттігін тілге тиек етті.

Президент көтерген реформаны жүзеге асыруда үлкен салмақ аудан әкімдеріне түседі. Президент өз сөзінде аудан әкімдерінің жауапкершілігін арттыру қажет екенін баса айтты. Қазіргі таңда ғұсаяси, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда күрделі кезеңге аяқ бастық. Қоғамның талабы өзгерді. Экономикалық ахуал ушығып тұр. Мұның бәрі мемлекеттік аппараттан жаңа сапаны қажет етеді. Бүгінде халыққа ұнайтын әңгімеден гөрі ұнамайтын әңгімені – шындықты шырқыратып айту керек. Соған сай, қоғамға атқарылған жұмысты түсіндіре білу қажет.

Мемлекеттік қызметке еліміз үшін не істей аламыз, пайдамды қалай тигіземін дейтін көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар керек. Сондықтан, мемлекеттік аппарат, әсіресе, аудан әкімдері көп еңбек еткені абзал. Өйткені халықтың көпшілігі аймақтарда. Солардың талабына сай болғаны жөн. Қысқасы, олар мемлекет жүргізіп жатқан реформаның ел ішіндегі елшісі атануға тиіс. Осыларды ескере келе, Мемлекет басшысы бүкіл аймақтың басшыларын жинап, кеңес өткізді.

Жиын барысында көптеген қордаланған мәселе айтылды. Бұған сай нақты тапсырмалар да жүктелді. Оны байыппен, дұрыстап атқару – мемлекеттік аппарат, Парламент, мәслихаттардың тікелей міндеті. Бұларды кейінге қалдыруға уақыт жоқ. Саяси реформалардың негізгі кезеңі өтті, енді соны саяси мәдениетке айналдырып, бәсекелестік дәстүріне әкелу – жаңа кезең талабы.

М.Мұхтаров,
Қараменде би ауылдық округі
ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Ақорда

Реформалар мақсаты – халықтың өмірін жақсарту

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өтті. Президент елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалар дамудың жаңа кезеңіне жол ашқанын және экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізін қалағанын атап айтты.

Кеңейтілген кеңеске Премьер-Министр, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары, Президентке есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, Үкімет мүшелері, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстар мен аудандардың әкімдері, парламенттік фракциялардың жетекшілері, сондай-ақ Парламент палаталары, облыстық және аудандық мәслихаттар комитеттерінің төрағалары қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте сөйлеген сөзінде саяси реформалар дамудың жаңа кезеңіне жол ашқанын және экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізін қалағанын атап өтті.

– Жуырда Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Үкімет қайта жасақталды. Осылайша, ауқымды саяси өзгерістің алғашқы кезеңі аяқталды дегуге болады. Біз билік тармақтарының тепе-теңдігін орнықтырдық. Енді еліміздегі қоғамдық-экономикалық қатынастарды қайта құруымыз керек. Жұртшылық бұл реформаларға зор үміт артып отыр. Сондықтан біз нақты іс-шараларға баса мән беруге тиіспіз. Мен Парламент сессиясының ашылуында заңнамалық тұрғыдан шешілуге тиіс бірқатар мәселені атап өттім, – деді Мемлекет басшысы.

– Ал бүгін әлеуметтік-экономикалық саладағы мақсат-міндеттерді айқындап алуымыз керек. Үкімет және барлық деңгейдегі әкімдер соған сүйеніп жұмыс істейтін болады. Осы басқосуға мәслихаттардың өкілдері қатысып отыр. Бұл да – нақты саяси өзгерістердің нышаны. Атқарушы және өкілді билік арасында тиімді қарым-қатынас орнату өте маңызды. Қажет болса, олар бірін-бірі толықтырып, қолдап отыруы керек. Мұның бәрі мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ел мүддесін ескере отырып шешім қабылдауға жол ашады.

Реформалардың нәтижесінде елімізде көп нәрсе өзгерді. Мысалы, алғаш рет Премьер-Министрдің кандидатурасын сайлауда жеңіске жеткен партия ұсынды. Мұны саяси жаңғырудың тағы бір маңызды қадамы дегуге болады.

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» концепциясы нақты жұмыс істей бастады. Саяси реформалар дамудың жаңа кезеңіне жол ашып берді. Сонымен бірге экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізін қалады.

Әркім мына мәселені айқын түсінуі керек. Қазақстан – осы ғұсаяси аймақта ауқымды, демократияны арқау еткен реформалар жолына түскен бірден-бір мемлекет. Сондықтан бізге оңай болмайды. Бірақ бұл жолды қалайда жүріп өтуге тиіспіз. Енді жұмысқа жұмыла

әдетінен арылу керек. Есесіне елдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге көбірек үлес қосуға ұмтылған жөн. Ірі кәсіпкерлер Қазақстанда тапқан табысын басқа жақта емес, өз еліміздегі бизнесін дамытуға жұмсағаны абзал. Жұмысын осы талапқа бейімдей алған ірі кәсіпкерлер нағыз ұлттық бизнес-элиталарға айналады. Халықтың құрметіне бөленіп, мемлекеттің қорғауы мен қолдауына ие болады. Сонымен қатар бізге «кәсіпкерлердің жаңа толқыны» керек. Мемлекеттің ресурсына арқа сүйемей, бойындағы дарыны мен іскерлігі арқылы



кірісеміз.

Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгінгі мен болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен ғана шектелмеу керек. Сіздер мемлекетшіл-реформатор болуларыңыз қажет.

Реформаларымыздың түпкі мақсаты – халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындардың табысын көбейту керек. Жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Азаматтардың өзін-өзі дамытуына барлық мүмкіндік жасалуға тиіс. Мұның бәрін мықты нарықтық экономика болса ғана табысты жүзеге асыра аламыз.

Қазақстан мұнай және газ өндіруші ел ретінде жаңа геэкономикалық жағдайға бейімделуі керек. Экономиканы әртараптандыру – уақыт талабы әрі стратегиялық міндет. Біз бұл туралы үнемі айтып жүрміз. Бірақ ісімізден сөзіміз көп болып тұр. Дерекке көшпесек, әлемдік бәсекеде озық бола алмаймыз, яғни әлем экономикасында көш соңында қалуымызға тура келеді. Жаңа ғана еліміздің даму барысы туралы Үкіметтің есебін тыңдадық.

Сондықтан нарыққа қатысушылардың бәрі батыл әрі шұғыл шаралар қабылдауға тиіс. Мемлекеттің қолдауына ие болып отырған ірі бизнес өкілдері айрықша рөл атқаралы. «Табысты осы жерден тауып, шетелде пашу»

тұрақты әрі мықты кәсіп құра білген «тың күштер» қажет.

Негізі, әр аймақта сондай кәсіпкерлер бар. Міне, осы азаматтар нағыз қолдауға лайық.

БІРІНШІ. Біз соңғы 15 жылда азық-түлік бағасының бұрын-соңды болмаған өсуін байқадық. Ағымдағы жылдың ақпан айында инфляция 21,3 пайызды құрап, өзінің шарықтау шегіне жетті.

Жұрттың ай сайын жұмсайтын қаржысының тең жартысынан көбі азық-түлік алуға кетеді. Үкіметтің әрекеті жеткіліксіз болып отыр. Тыйым салу және шектеу шаралары уақытша ғана әсер етеді. Мұндай қадамдар қиындықтың бетін қайтарса да, одан біржола құтылуға мүмкіндік бермейді, тіпті, мәселені ушықтырады дегуге болады. Ауыл шаруашылығы және өндіріс саласының дамуында нақты нәтиже жоқ. Азық-түлік инфляциясының басты себебі де – осында. Елімізде өндірілетін тауардың көлемі ішкі сұранысты қамтамасыз етуге жетпейді. Импортқа тәуелдіміз.

Нарықты отандық өнімдермен молықтыру, өндіріс факторларын арзандату мәселесіне ұрандар мен уәделерсіз жан-жақты, ойластырылған түрде қарау керек. Өндірістен сатылымға дейін бүкіл тізбекті аралап, бағаның өсуіне не әкелетінін түсіну керек. Агроөнеркәсіптік кешенді басқарудың қолданыстағы моделі саланың әлуетін ашпайды. Үкіметтің алдында агроөнеркәсіптік кешеннің (Жалғасы 2-бетте).



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

2020 жылы Қарағанды облысында «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында ауқымды жұмыстар басталған. 13 кент пен 7 ауданға қарасты ауылдарды қамтыған жобаны жалғастыру үшін республикалық бюджеттен 4,7 млрд. теңге бөлінген. Бұл қаражатқа Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау және Шет аудандарының 13 елді мекенінде 47 жоба жүзеге асырылады деп жоспарланған. Мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылып, ауыл мектептері, мәдениет үйлері, кентішілік жолдар, су құбырлары және басқа да нысандарды жөндеу жұмыстары қолға алынған.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті
«Ажары кірген ауылдар» мақаласынан



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет күні кеше Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті. Бұл – «Ауыл – Ел бесігі» жобасының заңды жалғасы іспетті. «Ауыл – Ел бесігі» жобасымен Қарағанды облысының бірқатар ауылында әлеуметтік нысандар салынып, тұрғындар игілігіне берілген еді. Жаңа тұжырымдама аясында да ауылдық дамуына ықпал ететін көп жұмыс атқарылады деген сенім мол.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті
«Ажары кірген ауылдар» мақаласынан

(Соңы. Басы 1-2 беттерде).

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» болу үшін азаматтармен тығыз қарым-қатынас орнату айрықша маңызды. Әрбір аймақтың өз ерекшелігі және «әлсіз тұстары» бар. Өкінішке қарай, әкімдер соны біле тұра, алдағы қиындықтарды уақытылы бағамдай алмайды. Жауапкершілікті өзіне алып, дер кезінде шешім қабылдаудан қашады. Жаңа жылдан бері Президент Әкімшілігінің қоғамдық қабылдауында 811 адам болды. Соның 730-ын кестеден тыс, яғни табан астында жедел түрде қабылдауға тура келді. Олардың арасында барлық аймақтың тұрғындары бар. Президенттің атына жазылған арыз-шағымдардың саны үш жылда екі есе өсті.

Елімізде заң мен тәртіп қатаң сақталуы қажет. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Заң үстемдігі болмаса, тұрақтылық та болмайды. Ал тұрақтылық жоқ жерде ешқандай даму да болмайды. Сондықтан азаматтарымыз заңға бағынуы керек, ал құзырлы органдар заң бұзушылықтың алдын алуға тиіс. Қоғамның қауіпсіздігін және тұрақтылығын сақтау – мемлекеттің басты міндеті. Өркениетті елдердің бәрінде солай. Әкімдер – мемлекеттің жергілікті жердегі өкілі. Сондықтан бұл жұмысқа баса мән беру қажет.

Мен бүгін реформаларымызды жүзеге асырудағы бірқатар олқылықтарға, түйткілдерге тоқталдым. Негізгі мәселе – жұмыстың сапалы орындалмауында. Сол себепті нақты нәтижеге қол жеткізе алмай отырмыз. Оның түрлі себебі бар. Кейбір мемлекеттік қызметшілер, басшылар өз жұмысына селкес қарайды, белсенді емес. Өзіне жауапкершілік алудан тартынады. Бұл, әсіресе, бюджет қаржысын игеру ісінде қатты байқалады. Олар жұмысты сапалы орындауға емес, тапсырманы дер кезінде бақылаудан алуға баса мән береді. Соның зардабын бәріміз тартып отырмыз. Жария етілген көптеген реформа әлі де баяу жүріп жатыр. Оны мойындауымыз керек. Сондықтан Үкімет ескі жұмыс тәсілін түбірімен жою үшін ерік-жігер танытуға тиіс.

Қазір мемлекеттік жоспарлау жүйесінде 163 құжат бар. Оның әрқайсысы орташа алғанда 40 іс-шараны қамтиды. 2010 жылдан бері созылып келе жатқан тапсырмалар бар. Тапсырмалардың өзектілігін қайтадан мұқият қарау қажет. Қағазбастылық керек емес. Мен соңғы кездегі жаһандық үрдістерді ескеріп, 2050 – Стратегиясын жаңартуды тапсырдым. Бұл ұзақ мерзімге арналған құжат болуға тиіс. Онда әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси даму жолындағы негізгі басымдықтар айқындалуы керек. 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары өзектілігін жоғалтты деп ойлаймын. Сол себепті жана құжат әзірлеу қажет.

Бізге ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тың тәсілдері қажет. Сол үшін тиісті стратегияны заман талабына сай қайта қарау керек. Сыртқы саясат тұжырымдамасы да жаңартылуға тиіс. Бұл құжат мүлде басқа гәсәсия жағдайда қабылданған. Қазір көп нәрсе өзгерді.

Қазір – ерекше тарихи кезең. Ғылым мен технология ғана емес, қоғамдық қатынастар да түбегейлі өзгеріп жатыр. Мемлекеттердің даму бағдары және басымдықтары басқаша сипат алды. Мұндай кезде батыл әрі жылдам әрекет жасау қажет. Арқаны кенге салып отыруға уақыт жоқ. Жүктелген міндеттерді орындау үшін дереу іске кірісу керек. Тапсырмалар мұлтіксіз және уақытылы орындалуға тиіс. Әйтпесе, салдары ауыр болады. Реформалардың нәтижесін әрбір азамат нақты сезінуі қажет. Алдағы жұмыстың басты өлшемі – осы, – деп Мемлекет басшысы кеңестегі сөзін қорытындылады.

Ақорда кз.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Аудандық Қоғамдық кеңес өтті

18-сәуір күні Ақтоғай аудандық Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Оған кеңес мүшелері, аудандық мәслихат депутаттары, жекелеген тұрғындар қатысты.

Жиын өтпес бұрын Қоғамдық кеңес мүшелері мен аудандық мәслихаттың депутаттары, аудан әкімінің орынбасары Саян Мұратұлы және ТҮКШ жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімінің, аудандық құрылыс бөлімі басшылары, Ақтоғай ауылының әкімі бірлесіп, күн тәртібінде қаралатын мәселелерге орай аудан ішіндегі жолдар, өткен жылда бастау алған көріз жүйесі жұмысының сапалылығы және ауылдағы

аудан әкімінің орынбасары Саян Мұратұлы ақпар жасады.

Аудан әкімінің орынбасары өткен жылы құрылыс, коммуналдық салада атқарылған жүйелі жұмыстар мен іргелі істерді тілге тиек етті. Ақпар барысында әр саладағы атқарылған жұмыстарға жеке-жеке тоқталып, ауылдарда жасалынған ауқымды жұмыстарды атап көрсетті. 2022 жылы аудан көлемінде «Күшті өңірлер – елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде қолға алынған жұмыстарға тоқталды.

– Тұрғындарды сапалы ауыз сумен және көріз жүйесімен қамтамасыз ету – коммуналдық шаруашылығы саласының негізгі қызметі. Ауданға қарасты 36 елді мекеннің 17-сі орталықтандырылған сумен қамтылған, бұл 47 пайызды құрайды. Сонымен қатар, ауданның құрылыс бөлімі тарапынан 2022 жылы бастау алған Қуаныш, Үшарал елді мекендерінде ауыз су желісінің құрылысы биыл қолданысқа беріледі. Өткен жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде Шашубай кентінің 2 шақырым көше жолына және Сарышаған кенті бойынша 4 көшеге асфальт жабынын салу үшін жалпы сомасы 279,5 млн. теңге қаржы қаралғандығын тілге тиек етті.

Келесі кезекте сөз алған Ақтоғай ауылының әкімі Қайыр Болғанбаев, ауданда бірнеше жылдар бойы нысаналы мақсатта пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу бойынша нақты жұмыстар жасалынғанын атап өтті. Өрмен қарай Ақтоғай ауылы бойынша жүргізіліп жатқан санитарлық тазалық, абаттандыру мен көгалдандыру туралы 2022 жылғы атқарылған жұмыстар жөнінде ақпар тыңдалынды. Тазалық мәселесі бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі болғандықтан, ол күн тәртібінен түспейді, – деді Ақтоғай ауылының әкімі. Кеңесте Қарамөңде би, Нүркен ауылдық округі әкімдері аппараттарының көрсетілетін мемлекеттік қызметтері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша атқарған жұмыстары туралы есептері тыңдалынып, кеңес мүшелері, аудандық мәслихат депутаттары сұрақтар қойды. Есеп еске алынып, қанағаттанарлық деп баға берілді.

Жиын соңында Қоғамдық кеңес мүшелері қаралған мәселелерді жеке-жеке талдап, ұсыныстар айтып, олардың орындалуы бақылауға қойылатындығын ескертті.

Г.Елүсізова.



ауызсудың бүгінгі жай-күйі, сондай-ақ электр желілерінің жұмысы мен көшенің жарықтарының жұмыстарын барлап, аралап көріп қайттық. Сонымен бірге аудан орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыруға орай облыстық бюджеттен бөлінген 61506,0 мың теңгеге өткізілген конкурсты 49206,0 мың теңгеге жеңіп алған «Эверест» құрылыс корпорациясы ЖШС бастайтын жұмыстардың мән-жәйімен танысып, жұмыстардың сапалы әрі уақытылы бітуі аудандық мәслихат депутаттары мен Қоғамдық кеңес мүшелерінің үнемі назарында болмақ.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне ұсынылған аудан көлемінде құрылыс, жол, көріз жүйесі, тағы да басқа салынып жатқан нысандардың сапалы аяқталып, уақытылы пайдалануға берілуі және «Мемлекеттік сатып алу заң талаптарының орындалуы туралы 2022 жылдың IV тоқсанында атқарылған жұмыстардың есебі» туралы

Президент реформасы – өмірің өзгерістер

Еліміздегі ең маңызды әрі күрделі салалардың бірі – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы саласы. Себебі, бұл бағыттағы жұмыстар халық тіршілігімен тікелей байланысты. Тұрғындарының күнделікті тыныс-тіршілігін бес саусағындай біліп, келеңсіз жағдайлар орын ала қалса, дереу жедел іске кірісетін коммуналдық саланың қашанда арқалайтын жауапкершілік жүгі ауыр. Жұртшылық жарығы сөнсе, суы тоқтаса, жылу жүйесінен жік шықса, бірден осы саланың қызметіне жүгінеді. Осы орайда аудан халқы тұрмысының күрмеулі мәселесінің түйінін тарқату бағытында жоспарлы жұмыстар



жүргізіп келе жатқан бөлімнің алдағы жоспарлары мен жыл ішінде атқарған жұмыстарын саралау мақсатында сала басшысы Ардагер Қапашевқа жолығып, сұхбаттасқан едік.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы тиімді іске асырылып жатыр. Оның ауқымын кеңейтіп, жобаға аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдарды тарту керек. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы қаржысының кемінде 10 пайызы қайда жұмсалатынын қоғамның өзі айқындауға тиіс».

**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ»
атты Жолдауынан.**

бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталсаңыз?

– Ауыз су мәселесі әрқашан өзекті. Тұрғындарды сапалы және үздіксіз ауыз сумен және кәріз жүйесімен қамтамасыз ету үшін бөлімде «Ауыз су және кәріз жүйесінің қызметі» атты арнайы бюджеттік бағдарлама белгіленген. Аудан көлемінде 36 елді мекеннің 17-сі орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілсе, Сарышаған, Шашубай кенті кәріз су желілерінің жалпы ұзындығы 23,42 шақырымды құрайды.

ЖШС-мен Сәуле, Жалаңаш, Үшарал Қарамөңде би елді мекендері бойынша нысандар "Жезказғанэнергосбыт" ЖШС сот шешімімен берілген.

Бүгінгі күні «ЖезРЭК» акционерлік қоғамы өкілдерімен электр таратушы ұйымдарды ірілендіру жұмысы қолға алынуда. 20-сәуірден бастап нысандарға түгөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Қорытындысына сай нақты қабылдау-тапсыру шаралары жөнінде шешім қабылданады.

Басты міндет – сапалы қызмет

– Аталған саланы қозғаған кезде әуелі ауызға тұрғын үй алу мәселесі келетіні анық. Соңғы жылдар көлемінде бұл бағытта ауыз толтырып айтарлықтай негізгі жұмыстар істелуде? Тұрғын үй тоңірегіндегі түйткілдер қалай шешіледі?

– Аудан бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған азаматтар саны – 458, оның ішінде: жетім балалар – 26, көпбалалы отбасылар – 39, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтар – 206, мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік ұйым қызметкерлері – 165, тұрғын үйі апатты деп танылғандар – 22. Тұрғын үй кезегіне тіркелуге өтінімдер электронды түрде Kezекte.kz порталының «Шауытақ» бөлімі арқылы қабылданады. Өтініштің қаралу мерзімі – 15 жұмыс күні.

Өткен, 2022 жылғы барлығы 18 отбасыға тұрғын үй берілді. Оның ішінде: көпбалалы отбасылар – 11, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтар – 2, тұрғын үйі апатты деп танылғандар. Сонымен қатар, 12 азамат мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген пәтерлерді жеке-шәлендіру құқығын пайдаланып, жалдамалы пәтерлерді жеке меншіктеріне алды. Тұрғын үйді жекешелендіру процесі де электронды түрде жүзеге асырылады. Ол үшін азаматтар өтінішті «E-qazuna.kz» порталының «Тұрғын үйді жекешелендіру» бөлімі арқылы беруі қажет. Ақтоғай ауданы бойынша барлығы 56 көппәтерлі тұрғын үй бар. Оның ішінде басқару формасын құруға жататыны – 35 үй. Бүгінгі күні «Жай серіктестік» 35 үйге құрылған. Аталған тұрғын үйлердің ішінде пәтерлер саны 30-дан асатын «Мүлік иелерінің бірлестігін» құруға жататын 13 тұрғын үй бар. Осы үйлердің тұрғындарымен МИБ құру қажеттігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

– *Жол азабы – жан азабы. Сондықтан да, пәлсапашыл қазақ халқы «Жол мұраты – жеті» деп нақыл еткен. Ал, аудан көлемінде жол*

жөндеу жұмыстары қандай деңгейде?

– Аудан төңірегінде облыстық маңыздағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 296 шақырым болса, аудандық маңыздағы жол – 423,4 шақырым, кентішілік 188 шақырымды құрайды. 2022 жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде Шашубай кенті бойынша 2 шақырым, Сарышаған кенті бойынша 4 көше жолына жалпы сомасы 279,5 млн. тенгеге қаржы қаралып, асфальт жабыны салынды.

Сонымен қатар, аудандық маңыздағы «Ақтоғай-Шылым-Ақжарық» автомобиль жолының 53-63 шақырымын орташа жөндеуден өткізу үшін сметалық құжаттама әзірленіп, 476,0 млн тенге өтінім берілген. Бұл бағытта 188,0 млн тенге бөлініп, мердігер «Райс КЗ» серіктестігі жұмысын бастаған болатын. Аудандық маңыздағы Тасарал ауылының 13,4 шақырымдық кірме жолының орташа жөндеу жұмыстарын аяқтау үшін 211,0 млн тенге қаржы қарастырылып, жұмыс толығымен аяқталды.

2023 жылға автомобиль жолы саласын дамыту мақсатында Ақтоғай ауылындағы Тоқырауын өзені көпірінің асфальт жабынын ауыстыруға 20,9 млн., Нарманбет ауылының көпірінің жабынына 61,7 млн. тенге және «Ақтоғай-Шылым-Ақжарық» автомобиль жолының 40-53 шақырымына орташа жөндеу жүргізу үшін 250,0 млн., Шашубай кентінің ішкі жолдарын аяқтау мақсатында 118,0 млн. тенге қаржы аудандық бюджет есебінен қаралды. Облыстық бюджет есебінен «Нарманбет-Айыртас» жолының 83 шақырымына 100,0 млн. тенге қаралып отыр. Сонымен қатар, аудандық маңыздағы жол 423,4 шақырым жолды күтіп ұстау үшін 125,2 млн., «Ақтоғай-Шылым-Ақжарық» жолының 11 учаскесіне су құбырын орнату үшін 156,7 млн. және Ақши ауылына кірме жолға 3 учаскеге су өткізгіш құбыр орнату үшін 42,7 млн. тенге қаржы қаралды.

– *Жұртшылықтың да талап-тілегі – ауыз судың сапалы әрі қолжетімді болуы. Аудан тұрғындарының ауыз су және кәріз жүйесімен қамтамасыз ету*

Үстіміздегі жылы елді мекендерде су құбырларын жөндеу жұмыстарын жүргізе отырып, халықты сапалы сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мақсатында 100 млн. тенге қарастырылып отыр. Аталған қаржыға Сарышаған, Тасарал елді мекендерінің су тазарту кәсіпханелеріндегі құрылыстарды ағымдағы жөндеу жұмыстары, Ақжарық, Шабанбай би, Ақтас, Сәуле, Нүркөң, Сарытерек, Нарманбет, Абай, Қусақ, Айыртас, Ақши ауылдарын сумен жабдықтау құбыры жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жұмыстары ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, ауданның құрылыс бөлімі тарапынан 2022 жылы бастау алған Қуаныш, Үшарал ауылдарында ауыз су желісінің құрылысы биыл қолданысқа беріледі.

– *Аудан әкімдігінің әлеуметтік желілерінде өңірдің тіршілігі мен тұрмысына қатысты басқа да түрлі жисындарда тұрғындар тарапынан жсиі көтерілетін тақырыптың бірі – электр желілері мен жасарықтандыру мәселесі. Бұл жайында не айтасыз?*

– Аудан бойынша ең күрделі, өзекті мәселенің бірі – тұрақты электр жарығымен тұрғындарды, әлеуметтік мәдени нысандарды қамтамасыз ету. Электр желілеріне қызмет көрсететін ұйымның жоқтығынан, электр желілері жиі үзіліп, тұрғындар тарапынан наразылық тудыруда. Желілердің, трансформаторлық подстанциялардың тозығы жеткен Жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Ақтоғай ауданының аумағында барлығы 439,7 км электр беру желілері бар. Қазіргі уақытта бұл мәселенің шешімі аудандағы барлық электр желілерін «ЖезРЭК» мекемесінің балансына беру болып табылады. 2018 жылдан бастап сот шешімдері бойынша иесіз желілерді балансқа қабылдау жұмыстары басталды. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауданның коммуналдық меншігінде 10 кВ-тық 223,8 км желі және 0,4 кВ-тық 147,8 км желі бар.

Жалпы ұзындығы 68,1 км желі (0,4 кВ - 13,1 км, 10кВ – 55 км), 8 дана ПС және 9 дана КТП бойынша "Жезказғанэнергосбыт"

2022 жылға келетін болсақ, 5,49 млн. тенгеге Ақтоғай ауылына 5 дана көше жарығы және 250 кВ-тық КТП орнатылып, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Және де 750 мың тенгеге Ақтоғай ауылына 29 дана көше жарықтандыру шамдарын орнату және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ақтоғай ауылындағы Жақып Ақбай көшесіне 1 дана 10/0,4-250 кВа маркалы КТП қондырғысы орнатылды. Ақши ауылын жарықтандыру мақсатында Нұра көшесіне 20 дана көше шамдары мен 250 кВа-тық КТП орнату жұмыстары жүргізілді.

Сарышаған кентінің Абай, Достық, Ынтымақ, Тәуелсіздік көшесіне 110 дана көше жарығы тіректерін орнату және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Абай ауылында 160 кВа-лық КТП қондырғысы және 18 дана көше жарығы орнатылды.

Шашубай кентіндегі Жағыпар Ақбергелұлы, Абай Құнанбаев және Сөкен Сейфуллин көшелеріндегі электр желісінде орын алған апатты жағдайға байланысты 6 дана 10/0,4-250 кВа маркалы КТП қондырғыларына ағымдағы жөндеу жүргізіліп, электр желілері ауыстырылды. Ақбергелұлы, Ихамбаев көшелерінің және «Алтын» шағынауданына 75 дана көше жарығы орнатылып, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2023 жылға көшелерді жарықтандыру бойынша Сәуле ауылының «Достық», «Ақтоғай ауданының 80 жылдығы», «Тәуелсіздік» көшесіне жалпы 50 баған көше жарық шамы мен КТП және Қошқар ауылының Мәдениет және Жәніс көшелеріне 20 жарық дала шамдары орнатылатын болады.

Шабанбай би ауылдық округіне 20 жарық көше шамдарын және КТП орнату, Сарышаған кенті, Энергетик көшесіне 25, Теміржол көшесіне 50 жарық шамын орнату жұмыстары жоспарланған.

– *Уақыт бөліп, әңгімелескеніңізге рахмет!*

Сұхбаттасқан Думан ҚАБЫЛ.

Қазақтың Қайсар Қызы

Сыр елінде қазақтың қайраткер қызы Дәмеш Ермекова-Жүргенованың есіміне құрмет көрсетіліп, көше атауы берілді

«ТҮРКІСОЙ» ұйымының бастамасымен түркі әлемінде биылғы 2023 жыл Ұлт руханиятының көрнекті өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай «Темірбек Жүргенов жылы» болып жарияланды.

Ол Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттерінің тарихында өшпестей із қалдырған мемлекет, қоғам қайраткері, Өзбекстанның халық ағарту комиссары, Тәжікстанның Қаржы халық комиссары болды. Т.Жүргенов Қазақстанның Халық ағарту комиссары болған кезінде халықты жаппай сауаттандыруға, орта және жоғарғы оқу орындарын ашуға, ұлтымыздың

атындағы көше мен ескерткіш тактаның ашылу салтанатынан басталды.

Салтанатты жиынды облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов ашты.

«Бүгін ерекше күн. Дәмеш Жүргенова көшесінің ашылу салтанатына облыс әкімі Нұрлыбек Машбекулы мен Сыр бойы жұртшылығы атынан қош келдіңіздер дейміз.

1937-1938 жылдарды еске алсақ, қазақтың небір асыл тұлғаларының басына кара бұлт үйірілген заман еді... Сол қиындықта білікті де білімді аналарымыз, арыстарымыздың жұбайлары да қудалауға, репрессияға ұшырады. Соның бірі қазақ қыздарының

Әбуев.

Дәмеш Ермекова-Жүргенованың атындағы көшенің ашылуында Дәмеш апаның келіні Б.Төлегенова естелік айтып, Т.Жүргенов қорының төрағасы С.Аңсатов лебізін білдірді. Мерейтойлық шаралар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде мемлекет және қоғам қайраткерінің 125 жылдығына арналған «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциямен жалғасты.

Белгілі ғалымдар, ҚР ҰҒА-ның академиктері, елімізге танымал мәдениет, өнер, қоғам қайраткерлері қатысқан жиында Т.Жүргеновтің қайраткерлік, қаламгерлік, азаматтық болмысы жайында естеліктер айтылып, қайраткердің республика тарихында алар қоғамдық-саяси орны, қаламгерлік мұрасы, жас ұрпаққа берер өнегесі туралы әңгімелер өрбіді.

Профессор Қылышбай Бисенов Қорқыт ата университеті жанынан «Жүргеновтану орталығын» ашу және зерттеуші-ғалымдарға Т.Жүргенов атындағы грант тағайындау туралы ұсыныс білдірді.

Ә.Ермеков пен Д.Ермекова-Жүргенованың өмірлерін зерттеуші, қоғам қайраткері, Қазақтың Сары Төтегі, елімізге танымал ақын, бард Қуаныш Максұтов «Т.Жүргенов

аста Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары А.Аманжолов сөз сөйлеп, Дәмеш апамыздың туған жерінің ыстық сәлемін жеткізіп, Құттықтау хат пен ескерткіш сыйлықтар тапсырды.

Дәмеш апайдың тәрбиесін алған жақын туысы Б.Балмағамбетова Д.Ермекова-Жүргенова туралы естеліктерімен бөлісіп, Т.Жүргенов тойын өткізуге ерекше еңбек сіңірген С.Аңсатов ақсақалға, Сыр өңіріндегі іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне ықпал еткен Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаевқа және игілікті іске қолдау жасаған Қарағанды облысының әкімі Е.Бөлекпаев пен Ақтоғай ауданының әкімі Р.Кәңжебековке Дәмеш Ермекова-Жүргенованың туыстарының атынан алғыс білдірді.

Сыр еліндегі мәртебелі тойда Н.Бекежанов атындағы Қазақ музыкалық-академиялық драма театрында Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» қойылымы мен «Жыр арқауы – Жүргенов» атты республикалық жыр мүшәйрасының қорытынды кеші өтті.

Жазба ақындар мүшәйрасының Бас жүлдесі қазылар алқасының шешімімен «Зергер һәм балдақ» атты өлеңі үшін Сыр бойының ақын қызы Мөлдір Айтбайға берілді.

Қасиетті Ораза айында келген қонақтарға арнап Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қор мен Т.Жүргеновтің ағайындары мен



ғылым мен білімінің, мәдениеті мен өнерін, тарихы мен бай салт-дәстүрін өркендетіп, барша әлемге паш етуге бағытталған шын мәнінде мәдени революция жасады.

40 жасқа толар-толмас саналы ғұмырын халқының Тәуелсіздігі мен ұлтының рухын қайта түлетуге арнаған қайраткер тұлғаны халқы қадірлеп: «Темір Нарком!» деп атады.

Жақында Алаштың анасы атанған киелі Сыр елінде, Қазақ елінің астанасы болған Ақмешітте – Қызылорда қаласында аз ғана ғұмырында қазақ қоғамының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан аңыз адам, тарихи тұлға Темірбек Қараұлы Жүргеновтің 125 жылдығына арналған халықаралық деңгейдегі мерейтойлық шаралар өтті.

Осы шараларға Қызылорда облысының басшылығының шақыруымен және Қарағанды облысының әкімі Е.Бөлекпаевтың қолдауымен құрамында Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары А.Аманжолов, Ақтоғай аудандық мәслихатының хатшысы Р.Әбуев, Д.Ермекова-Жүргенованың тәрбиесін алған жақын туысы Б.Балмағамбетова және Ә.Ермеков пен Д.Ермекова-Жүргенованың өмірін зерттеуші, қоғам қайраткері, Қазақтың Сары Төтегі, елімізге танымал ақын, бард Қ.Максұтов бар Қарағанды облысының арнайы делегациясы қатысты.

"ТҮРКІСОЙ" ұйымының Бас хатшысы С.Раев бастаған халықаралық ұйымдардың өкілдері, Қарағанды, Ақтөбе, Түркістан облыстарынан және Алматы, Астана қалаларынан делегациялар, елімізге танымал мәдениет, өнер, қоғам қайраткерлері қатысқан дүбірлі мереке Қызылорда қаласының орталығынан Т.Жүргеновтің жұбайы Дәмеш Ермекова-Жүргенованың

арасынан суырылып шыққан білімді, білікті тұлға, медицина саласының үздігі, Алматы қаласының Күрметті азаматы Дәмеш апамыз еді. Оның еңбегі мен өмір жолы – бүгінгі жас ұрпаққа өнеге.

Қайсар жан Темірбек Жүргенов атылған 1938 жылдан бастап, Алжир түрмесінде 8 жыл азапты өмір кешкенін білеміз... Мектепті үздік бітіріп, Ташкенттегі Орталық Азия мемлекеттік университетінде білім алды. Сол білім ордасында сабақ берді. Сонда жүріп біздің аяулы ағамыз Темірбек Жүргеновтың отау құрды. Өкінішке орай, Темірбек Жүргенов атылғаннан кейін Дәмеш апамыздың азапты өмірі басталды. Тек 1946 жылы ғана ол кісі ақталып шықты. Бірақ өзінің қажыр-қайратын, болашаққа деген сенімі жолдасының жақсы атын шығарам деген үмітін өшірмеді. Ақталып шыққаннан кейін Сталинге, Суловқа, басқа да құзырлы орындарға хат жазып, жарының қандай азамат екенін дәлелдеу үшін күресті. Дәмеш апамыздың қажырлы еңбегінің арқасында 1957 жылы Темірбек Жүргенов толық ақталды. Халықтың өшкені қайта жанды, өлгені қайта тірілді. Тәуелсіздіктің арқасында тарихи әділдіктің орнауына қол жеткіздік», – деді облыс әкімінің орынбасары.

Дәмеш апамыздың туған жері Қарағанды облысының әкімі Е.Бөлекпаев пен Арқа елінің алғысы мен ыстық сәлемін Ақтоғай аудандық мәслихатының хатшысы Р.Әбуев жеткізді. «...Қарағанды облысы, Ақтоғай елі – мынау көшенің аты беріліп жатқан Дәмеш Ермекованың туған жері, кіндік қаны тамған топырағы... Енді бүгін өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, қайтадан бір ұлы істің бастауы басталып тұр. Ол – Алаштың арыстарының жан-жарларын құрметтеу... Дәмеш Жүргенованың атындағы көшенің ашылуы – соның бір айғағы», – деді Рашид



және Алаш қайраткерлері» тақырыбында зерттеу жұмыстары мен жобаларды жүзеге асыруды және Т.Жүргенов пен Д.Ермекова-Жүргенованың қайраткерлігін жас ұрпаққа насихаттауда Қарағанды және Қызылорда облыстарының мәдени-рухани, ғылыми ынтымағын нығайтып, «халықтық дипломатияның» мүмкіндіктерін пайдалануды ұсынды. Конференцияның тұжырымдамасына енгізілген пайымды ұсыныстардың тиісті орындарға жеткізілетініне сенім білдірді.

Конференция аясында жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» деректі романының тұсаукесері жасалып, «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» тақырыбында арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қаланың сәулетті салтанат залында Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қор мен Т.Жүргеновтің ағайындары мен туыстары тоталитарлық режимнің құрбаны болып, "Халық жауы" деген жаламен атылған Темірбек бабамыз бен жұбайы Дәмеш апайдың рухына арнап арнайы ас берді.

"ТҮРКІСОЙ" ұйымының Бас хатшысы С.Раев бастаған халықаралық ұйымдардың өкілдері, облыстар мен қалалардың делегациялары, елімізге танымал мәдениет, өнер, қоғам қайраткерлері қатысқан арнайы

туыстары өткізген «Ауызашар» рәсімі де қайраткерлер мен зерттеушілер, қаламгерлер ой бөліскен толғамды ойлар мен рухани қазынаға толы мағыналы мәслихат болды.

Т.Жүргеновтің мерейтойын өткізу арқылы Сыр елінің Түркі дүниесі мен әлемге атағы мен абыройын танытқан дүбірлі тойынан аттанып бара жатып, Арқада Алаш қайраткері, еліміздің қазіргі территориясын, шекарасын белгілеп, В.И.Лениннің алдында дәлелдеп, ата-бабамыздың ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған атақоныстарының орнын сызып көрсетіп, белгілеп, мойындатқан Әлімхан Ермеков пен халқымыздың қайраткер қызы Дәмеш Ермекова-Жүргенованы ұлықтау шараларын Қарағанды облысында өткізер күннің де алыс емес екенін ойға алдық...

Тәубе. Ері мен қайраткерінің қадірін білетін халық аман болсын!

Сыр бойындағы ұлы дүбір құтты болсын! Сарыарқаға да жұғысты болып, ұлт қайраткерлерінің ұлылығы ұрпақтарға ұлағат болсын!

Қуаныш Максұтов,
ақын, бард, халықаралық,
республикалық ақындар айтыстары
мен фестивальдардың лауреаты,
Қазақтың Сары Төтегі.

Бұқар жырау Қалқаманұлының туғанына – 355 жыл

«Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады».

Міржақып Дулатұлы.

Көмекей әулие

әлімнің хаты өлмейді» – деп жауап беріп, бүкіл саналы ғұмырын адамзаттың жақсылығы үшін жұмсаған адамның өзі де, сөзі де өлмейді деген тұжырым жасаған. Жыраудың «Жиырма деген жасыңыз», «Атам болған жиырма бес», «Сен он бір жасыңда», «Ей, Абылай, Абылай» деген толғаулары адам өмірінің кезең-кезеңіне арналған.

байланысты деген ой түйеді.

Бұқардың ел бірлігін сақтау мәселесі «Керей, қайда барасың?» толғауында өз жалғасын тапқан.

Керей, қайда барасың?

Сен қашсаң де мен қойман.

Арғымағым жебелеп...

Уа, сен танымай кетіп барамысың?

Мен – Арғын деген арыстың,

Азуы кере қарыстың.

Сен – бұзау терісі шөншіксің, Мен өгіз терісі талыстың, – деп, өзін өгіз терісі талысқа, Керейді бұзау терісінен жасалған жарғақ қалта – шөншікке теңеген. Елден бөлініп көшіп кетпек болған Керейді райынан қайтарып, ел бүтіндігін сақтап қалған.

Бұқар толғауларынан Абылай бейнесі ерекше орын алған. Бұқардың «Ай, Абылай, Абылай», «Абылай ханның қасыңда», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Кұбылып тұрған бәйшешек», «Қалданменен ұрысып», «Қазақтың ханы Абылай», «Ал, тілімді алмасаң» сияқты көптеген толғаулары Абылайға арналған. «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда» толғауында:

...Елу жасқа келгенде,

Үш жүздің баласының

Атының басын бір кезеңге тіредің, – деп, Абылайдың азаттық жолындағы қолбасшылық ерлігін дәріптеген. Тиісті жерінде Абылайдың кемшіліктерін де батыл айтып отырған. «Сен қамалды бұзған Қанжығалы Бөгенбайдан асқан батыр ма едің? Қабанбайдан бұрын жауға найза сілтеп пе едің?» деп ханның жауды жеңуі батырлардың арқасында екенін, ханның олармен әрдайым санасуы керектігін айтқан.

Бұқар жырау поэзиясы нақылға, өсиетке, нибратқа құрылған. Жырау толғауларынан мақал-мәтел болып кеткен жолдар да кездеседі. Мысалы, «Шаршы топта сөз бастау қиын», «Ежелгі дұшпан ел болмас», «Әкелі бала жаужүрек», «Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар», «Жақсыныңаты өлмейді», т.б. Өмірден көргені де, көңілге түйгені де көп дана жыраудың жыр-толғаулары тақырып байлығы, мазмұн ауқымдылығымен ғана ерекшеленбейді, сонымен қатар қазақ жыраулар поэзиясында бірнеше ғасырлар бойына қалыптасқан көркемдік қасиеттерді өз бойында жинақтауымен, нәтижесінде жыраулық дәстүрді кемелдік биігіне жеткізуімен де айшықтала танылады. Задында, Бұқар жыраудың даналықты нибратнамасы – ғасырлардың кәусар бұлағы.



Бұқар жырау «Жиырма деген ж а с ы ң ы з » толғауында:

Жиырма деген жасыңыз,

Ағып жатқан бұлақтай.

Отыз деген жасыңыз,

Жарға ойнаған лақтай.

Қырық деген жасыңыз,

Ерттеп қойған құр аттай... – деп адам өмірінің әр кезеңінің ерекшеліктеріне тоқтала келе,

жастық шақты «ағып жатқан бұлаққа», «жарға ойнаған лаққа», «ерттеп қойған құр атқа» теңейді.

Кәріліктің дәрменсіз шақтары:

Сексен деген жасыңыз,

Қараңғы тұман түн екен.

Тоқсан деген жасыңда

Ажалдан басқа жоқ екен, – деп жастық шаққа қарама-қарсы суреттейді. Адамның жастық шағы мен кәрілік кезеңін бір-біріне қарама-қарсы суреттеу арқылы жырау жас ұрпаққа жастық шақты өз мәнінде өткізу керектігі туралы өсиет тастаған.

Бұқар толғауларының басты тақырыбы – ел бірлігі. Жоңғар шапқыншылығынан кейін тоз-тоз болған елдің басын бір тудың астына жинау мақсатын терең түсінген Бұқар жырау:

Ағайынның аразы

Елдің сәнін кетіретер.

Абысынның аразы

Ауыл сәнін кетіретер, – дей келе,

Айнала алмай ат өлсін,

Айыра алмай жат өлсін.

Жат бойынан түңілісін,

Бәріңіз бір енеден туғандай

болыңыз, – деп, ел-жұртын береке-бірлікке, татулыққа, ұйымшылдыққа шақырған. Бұқар жырау бұл ойын өзінің «Тілек» өлеңінде одан әрі нақтылай түскен.

Бірінші тілек тілеңіз,

Бір Аллаға жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз,

Пиғылы жаман залымның

Тіліне еріп азбасқа.

Үшінші тілек тілеңіз,

Үшкілісіз көйлек кимеске.

Төртінші тілек тілеңіз,

Тәрде төсек тартып жатпасқа.

Бесінші тілек тілеңіз,

Бес уақытта бес намаз

Біреуі қаза қалмасқа... – деп, еліне тек жақсылық, береке, ынтымақ, татулық беретін он бір тілек тілейді. Бұл тілектің орындалуы елдің бірлігіне

Айналасын жер тұтқан

Айналасын жер тұтқан Айды батпас деменіз.

Айнала ішсе таусылмас Көл суалмас деменіз.

Кұрсағы күшәк байлардан Дәулет таймас деменіз.

Жарлыны жарлы деменіз: Жарлы байға тең келіп,

Жайлауға жарыса көшпес деменіз. Жалғызды жалғыз деменіз:

Жалғыз көпке теңеліп,

Бір жапанда соғысып,

Кегін алмас деменіз.

Кұландар ойнар қу тақыр Курай бітпес деменіз.

Курай бітпес құба жон Құлан жортпас деменіз.

Кұрсағы жуан боз бие Құлын салмас деменіз.

Қулық туған құлаша Құрсақтанбас деменіз.

Қу таяқты кедейге Дәулет бітпес деменіз.

Алтын күміс байда бар

Алтын, күміс байда бар, Сақтаған орап бүлдемен.

Құйрығы бітеу қойда бар, Қысы, жазы борланған.

Жүйрік жарау атта бар, Бәйгені жылда қоймаған.

Қиыла қарап жымыған, Бұралған бикеш тағы бар,

Назына жаның тоймаған. Өмірдің сырлы жағы бар,

Ойынды бөліп қоймаған. Адамзаттың бағы бар,

Тірлігінде тойлаған. Өлеңде менің хақым бар,

Қанағат қылмай ойлаған. Ойлаңындар, жарандар,

Сөзіме бір толғанған. Бұл күнімде орным тар,

Елім үшін тарманған. Шөлде суға болдым зар,

Түтегім түтеп зарланған. Бұл тірліктен алдым зар,

Жаным түңіліп жалғаннан. Ажалдан кім қалған бар,

Өтті күнім қарманған.

Мінген атың арыса

Мінген атың арыса, Көз көрім жер мұң болар.

Қара көзден нұр тайса, Бір көруің зар болар.

Жаман сайға су түссе, Өткел бермес өтуге.

Қайырымсызға мал бітсе, Сусын бермес ешкімге.

Жаман болса алғаның, Күнің қараң кешерде.

Қымбатты есіл бір басың

Еңкейіп кетер кеселге.

(Материал ғаламтордан алынды).

Күқық заңнамасы

Отбасылық цифрлық карта

2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап жұмыс режимінде отбасының әл-ауқатын және мемлекеттік қолдаудың тиісті шараларын айқындайтын "Отбасылық цифрлық карта" іске қосылды.

Карта – бұл әлеуметтік мәртебесіне байланысты, кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтары туралы ақпарат беретін азаматтардың күн сайынғы «электрондық жаршысы»;

– көрсетілетін мемлекеттік қызметтің проактивті форматының жаңа құралы. Яғни, мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгінбей-ақ мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады.

* Бастапқы кезеңде мемлекеттік органдардағы ақпараттық жүйелердің деректері негізінде отбасылардың әл-ауқат деңгейі мен оларға тиісті мемлекеттік қолдау шараларын айқындау бойынша жұмыс жүргізілді.

Қазірдің өзінде цифрлық картада Қарағанды облысы бойынша 432 556 отбасы бойынша деректер бар, "отбасы портреті" деп аталатын деректер қалыптастырылған.

Отбасы мәртебесі өзгерген сайын карта деректері жаңартылады.

* Мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығы белгіленген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін әлеуетті алушыға СМС-хабарлама жіберіледі.

* Келісім алғаннан кейін әлеуметтік жәрдемақы, төлемдер немесе мемлекеттік қолдаудың басқа түрлері тағайындалып, кейін алушының банк шотына аударылады.

2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап бүгінгі күнге дейін пилоттық режимде проактивті форматта мемлекеттік қызметтер көрсетуге келісім алу үшін 4898 смс хабарлама жіберілді.

Жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда:

Бүгінгі күні Карта қандай да бір өтінішсіз ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің желісі бойынша жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрін ресімдеуге мүмкіндік береді.

1. Жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдер.
2. Бала күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем.
3. Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем.
4. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін әлеуметтік төлем.
5. Мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-анаға (қамқоршыға) берілетін жәрдемақы.
6. Мүгедектігі бойынша жәрдемақы.
7. Көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы.
8. "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы.
9. Атаулы әлеуметтік көмек.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізілетін болады.

2025 жылдан бастап мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлері қамтылатын болады.

Бүгінгі таңда "Отбасылық цифрлық карта" азаматтардың мемлекеттік қызметтерді алуын жеңілдетеді деген қорытынды жасауға болады. Картаны одан әрі жетілдіру және картаны толтыру бойынша жұмыстар жалғасуда.

Б.Бейсебекова,

«ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ-нің бас маманы.

Жастар саясаты

Қазақстанда NEET санатындағы кәсіптік білімі жоқ және жұмыссыз жүрген жастарды қолдау күшейтіледі. Атап айтқанда, жұмысқа орналастыру бойынша белсенді көмек көрсетіліп, өзге де қолдау шаралары қолға алынады. ҚР Үкіметі мемлекеттік жастар саясатын күшейту аясында тиісті қаулы қабылдады.

Құжат «білімі жоқ және жұмыссыз» жастармен (NEET санаты) нақты жұмыс жүргізетін бірқатар орталық мемлекеттік органның құзыретін айқындайды. Осылайша, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне уақытша жұмыссыз қалған жастардың жұмысқа орналасуына көмектесу, сондай-ақ жастарды

Үкімет жастарды қолдауды күшейтеді



жұмыспен қамту бойынша мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыстың орындалуын бақылау жүктелді. Ал, Мәдениет және спорт министрлігі жастардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған мәдени және т.б. іс-шаралар кешенін жүзеге асырады.

Бұдан бөлек, Қаулыда жастармен жұмыс жасайтын мамандардың біліктілік сипаттамасын, жастар еңбек жасақтарын құру ережелерін, сондай-ақ жастарды дамыту индексін енгізу қағидаларын бекітуге мүмкіндіктер жасалған.

Бүгінде республикада NEET санатындағы жастардың үлесі 6,3%, бұл – Ресей, Ұлыбритания, АҚШ, Италия және басқа да елдердегі жағдаймен салыстырғанда, төмен көрсеткіш.

Қазақстан Үкіметі NEET санатындағы жастар үлесін азайту мақсатында әлеуметтік қолдау, білім алуға және жұмысқа орналасуға көмек көрсету бойынша жүйелі шаралар қабылдауда.

Primeminister.kz.

Күрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!
<https://aqtogaiajary.kz/>



Жаңалықтан құр қалмаңыз!

Күрметті аудан тұрғындары!

Аудандық «Ақтоғай ажары» газеті редакциясында 3*4, 5*6, 10*15, А4, А3 форматтағы түрлі-түсті фотолар, отбасылық күнтізбелер, алғыс хаттар, мадақтамалар, буклеттер, тойларға шақырулар, т.б. тапсырыс бере аласыздар!



Еске алу

Ақтоғай ауылының тұрғыны, руы – Шақа **Маймышева Агила** анамыздың өмірден өткеніне бір жыл болды. Аяулы да ардақты анамыз немерелерінің сүйікті әжесі, еліне елеулі, халқына қалаулы жан еді. Жан-дүниесі мейірім мен ізгілікке толы, қарашанырағымыздың берекесі мен ырысы болған анамыз төрінен қонақ арылмаған, туысын бауырындай көрген кенпейіл, ақжарқын болатын. Әркез ұрпағына сая болған асыл қасиеті мен сағынып тұратын аналық мейірімін қалай ғана ұмытамыз. Жан анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, рухы пейіштің төрінде шалқысын деп дұға бағыштаймыз.



Көзімізден ғайып болды бір-ақ күн, Бұл жалғанда жүрер мәңгі бірақ, кім. Періштелер жол көрсетті пейішке, Асыл ана, төрінде бод жұмақтың.
Еске алушылар: балалары мен немерелері. Анамыздың жылдық асы 2023 жылдың 30-сәуірінде сағат 13.00-де «АйФар» дәмханасында беріледі. Анамыздың көзін көрген туған-туыс, құда-жекежат, көрші-қолаң, ауылдастарды асқа шақырамыз.

Еске алу

Шабанбай би ауылының тұрғыны болған ардақты ұл, сүйкімді бауыр бола білген **Аханов Мейрам Мұратұлы** тірі болса, 28-сәуірде 50 жасқа толар еді. Алланың қалауымен егер де жер басып жүрсе, арқа-жарқа болып туған-туыстың арасында мерейтойын тойлар едік. Жылжыған жылдар мен сырғыған уақыт ардақты жанды алыстатқанмен, оның жарқын жүзі көз алдымызда жаңғырып тұр. Осынша уақыт өтсе де, бір сәт есіктен аңқылдап кіріп келердей алаңдап жүреміз. Мейрамның аңқылдаған ақ көңілі, күлімдеп, еркелеген кездері елес болып қала берді. Десек те, тағдырдың ісіне қарсы шара жоқтығына мойынұсынып, жатқан жерін жайлы, топырағын торқа болсын дейміз.



Тағдырдың дауа бар ма шешіміне, Кір келтірмей кеттің-ау есіміне. Иманың жолдас болып, жайың нұрлы, Тербелсін жаның жәннат бесігінде.
Сағына еске алушылар: анасы – Марзагүл және бауырлары.

